ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ Б.МАЙЛИН
АТЫНДАҒЫ №3 ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ
Арқалық қаласы, Сәтбаева көшесі, 18
Тел. (8-714-30) 7-98-16
kst.ark.sh3@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №3 ИМЕНИ Б. МАЙЛИНА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ г.АРКАЛЫК»
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКАЯ
ОБЛАСТЬ
г. Аркалык, ул.Сатбаева,18
Тел. (8-714-30) 7-98-16
kst.ark.sh3@mail.ru

**ПРИКАЗ**

№ 83 31 тамыз 2022 ж.  №

**«Үйірме жетекшілерін тағайындау туралы»**

1.Мектеп ішінде жүргізілетін түрлі тәрбие жұмысина қатысты клуб, үйірме жетекшілері тағайындалып, төмендегі клубтар мен үйірмелер құрылсын:

| № | Клуб, үйірме атауы | Сағат саны | Ақылы (+) Ақысыз (-) | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Отбасылық әңгімелесу» клубы | 0,25 | + | Куликова С. |
| 2 | «Адал ұрпақ» клубы «Әділет» құқық клубы | 0,25 | + | Жақсылықова Ж. |
| 3 | «Дебат пікір-сайыс» клубы «Таңшолпан» театр үйірмесі | 0,25 | + | Жанбыршина А. |
| 4 | «Домбыра сазы» үйірмесі | 0,25 | + | Жунусов С. |

2. Осы бөлінген сағаттардың және үйірме жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілуін қадағалауды директордың тәрбие ісі орынбасары А.Ыбыраваға және А.Қасымовқа жүктелінсін.

Мектеп директоры м.а.: Ж.Кожиков

**«Бекітемін»**
Мектеп директоры м.а: Н.Ахатов

**«Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы**
**№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

# **«Болашақ» дебат**
# клубының жұмыс кестесі

**Сенбі: 10:00 – 12:00**

Клуб жетекшісі: Жанбыршина А.Е.

2022-2023 оқу жылы

**«Болашақ»** дебат үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

| № | Оқушының аты-жөні | Туған күні | Сыныбы |
|---|---|---|---|
| 1 | Абдрахманова Арайлым | 18.05.2007ж | 9Б |
| 2 | Елубай Аружан | 19.06.2008ж | 9Б |
| 3 | Бейсенбай Инабат | 05.012008ж | 9Б |
| 4 | Ашықбай Гаухар | 22.05.2007ж | 10А |
| 5 | Бөлтірік Назым | 11.052006ж | 10А |
| 6 | Құлымбет Гүлім | 12.06.2006ж | 11А |
| 7 | Теміржан Аяулым | 03.10.2006ж | 11А |
| 8 | Жұмабекова Гаухар | 01.06.2006ж | 11А |
| 9 | Құлымбаева Аида | 11.04.2007ж | 9А |
| 10 | Қулумбет Айтмұханбет | 20.08.2008ж | 9А |

**Жетекшісі:** **Жанбыршина А.Е**

**БЕКІТЕМІН:**
Директор ______ ҚхатовН.А
«_01_» ___09___ 2022 жыл

**КЕЛІСЕМІН:**
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
____________ Ыбыраева А.Д
«_01_» ___09___ 2022жыл

**Б.Майлин атындағы № 3 жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы «Болашақ» дебат үйірмесінің жұмыс жоспары.**

| № р/с | Тақырыбы | Бағыты | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе<br>Үйірмеге оқушыларды тарту | | 2 | 03.09.22 |
| 2 | Пікір-сайыс үйірмесінің тыныс-тіршілігімен таныстыру | | 2 | 10.09.22 |
| 3 | Оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстыру | | 2 | 17.09.22 |
| 4 | «Қашықтықтан оқытудың пайдасы мен зияны» | | 2 | 24.09.22 |
| 5 | «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны | | 2 | 01.10.22 |
| 6 | Клуб белсенділерін сайлау | | 2 | 08.10.22 |
| 7 | «Мені қоршаған әлем-ғажайып әлем» | | 2 | 15.10.22 |
| 8 | Дипломмен ауылға жобасы қаншалықты қажет және тиімді? | | 2 | 22.10.22 |
| 9 | 11 жылдық мектеп пе әлде 12 ме? | | 2 | 29.10.22 |
| 10 | Қазіргі заман жастары патриот па? | | 2 | 05.11.22 |
| 11 | Қыз баланың жоғарғы білімді болуы маңызды | | 2 | 12.11.22 |
| 12 | Қазақ әліппесінің латын әліппесіне ауысуы | | 2 | 19.11.22 |
| 13 | Кітап және ғаламтор | Мәдениет | 2 | 26.11.22 |
| 14 | Қазақстан жастарының сапалы білім алуына жағдай жасалған ба? | | 2 | 03.12.22 |
| 15 | Әлеуметтік желілер әкелетін зиян пайдасынан гөрі басым | | 2 | 10.12.22 |
| 16 | Жасөспірім және Заң | Құқықтық | 2 | 24.12.22 |
| | ІІ жартыжылдық | | | |
| 17 | Мектептегі жалпы білім беру жүйесіне бизнес – жоспар пәнін енгізу керек | | 2,5 | 14.01.23 |
| 18 | Туризмнің пайдасынан зияны көп | | 2,5 | 21.01.23 |
| 19 | Әлеуметтік желілердің дамуын реттеу керек | Әлеуметтік- эхкономикалық | 2,5 | 28.01.23 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 | Шет ел азаматтарына еліміздің балаларын асырап алуына тыйым салу керек | | 2,5 | 04.02.23 |
| 21 | Қазақ азаматтарының өзге ұлт өкілдерімен неке қиюы дұрыс па? | | 2,5 | 11.02.23 |
| 22 | Бала еңбегіне тыйым салу | | 2,5 | 18.02.23 |
| 23 | Зейнетақы жасын өсіру керек пе? | Саяси | 2,5 | 25.02.23 |
| 24 | ҚР мемлекеттік медициналық мекемелерінің қызмет көрсетуі төмен | | 2,5 | 04.03.23 |
| 25 | Дәстүрлі медицинаға қарағанда халықтық медицина тиімді | | 2,5 | 11.03.23 |
| 26 | БП жастарға 16 жастан заңды некеге тұруға рұқсат етеді | | 2,5 | 18.03.23 |
| 27 | Қан донорлығын міндетті етеді | Құқықтық | 2,5 | 25.03.23 |
| 28 | Ит адамның досы емес | | 2,5 | 01.04.23 |
| 29 | Адамға ең жақыны нағашы жұрты | | 2,5 | 08.04.23 |
| 30 | Мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекеттік қызметшіге айыппұл салу | | 2,5 | 15.04.23 |
| 31 | 2 жұмыс істейтін азаматтарды 1 жұмысынан айыру керек | Құқықтық | 2,5 | 22.04.23 |
| 32 | Кітап пайдалы ма, әлде интернет пе? | | 2,5 | 29.04.23 |
| 33 | Баршаға арналған тегін кәсіби техникалық білім беру бағдарламасын енгізу керек | | 2,5 | 06.05.23 |
| 34 | Ата – аналар балаларының іс – әрекеттері үшіін заңды түрде жауап беруі керек | | 2,5 | 13.05.23 |
| 35 | Мұғалімдерге сыйлық беруді тоқтату керек | | 2,5 | 20.05.23 |
| 36 | Әділ жолмен баю мүмкін бе? | Мәдениет | 2,5 | 27.05.23 |

**Барлық сағат саны -72**

Үйірме жетекшісі: Жанбыршина А.Е.

**«Болашақ» дебат клубының**
**2022-2023 оқу жылындағы жылдық есебі**

Жыл басында жылдық жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Ең алғаш «болашақ» дебат клубының балаларын клубқа кабылдап, клуб мақсат, міндеттерімен таныстырылды. Жоспарға сай осы жарты жылдықта осы жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айында «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы АПФ форматта пікір сайыс өтті.Оқушылар ойын ждинақы айтып, пайдасы мен зияны талқылап,қоғамдағы өзекті мәселені талқыға салды.Ойларын ашық әрі еркін жеткізуге, және әдеби сөйлеуге, баулу мақсатында пікір сайыс құрылған.
https://www.instagram.com/p/Ci9Xggwo0cd/?igshid=YmMyMTA2M2Y=





30 қыркүйек күні өзін-өзі басқару парламентінің президенті Құлжанова Ақния, «Болашақ» дебат үйірмесінің президенті Марат Гүлнұр екеуінің ұстаздарға арнап, «Қашықтықтан оқытудың пайдасы мен зияны» туралы дебат өткізілді. Оппазиция мен үкімет өздеріне берілген пайдасы мен зияны талқыланды. Оқушыларымызға алғыс білдіреміз, бүгінгі айтулы мерекеде, осындай іс-шаралар өткізіп, жақсы көңіл-күй қалыптастырғанына.






Дипломмен ауылға жобасы қаншалықты қажет және тиімді? тақырыбында дебат өткізілді. Ауыл десе ат-тонын ала қашатын жастардың қарасын азайтуға қаншалықты үлес қосуда? Қаладан шалғай орналасқан елді-мекендерге жастар шынымен ауылды көркейту үшін барадыма? Себебі,шыны керек жағдай жасалмаған, көгілдіротын жоқ,кейбір ауылдарда тіпті ауыз суды сатып ішеді, жолы нашар,тағысын тағы кемшіліктері көпауылдарға қалада білім алған жастардың басым көпшілігі барғысы келмейтіні айтылып қызу талқыға түскендебат өткізілді.
blob:https://web.whatsapp.com/083ac695-a279-4b2c-8c45-14938a1e84b9







Оқушыларымыздың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатқан игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктер кеңейту. Екі жақты позициясы оқушылардың сөз жарысымдарына қатыстыру барысында оларды объективтік пікір алуындағы елжандылық, принципшілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында, тақырыпқа байланысты әр түрлі деректер, материялдар, фактілер, статистикалық мәлеметтерді саралады. Карл Поппер форматы бойынша пікірталас өтті.blob:https://web.whatsapp.com/18c945dd-31d3-4c7b-9fc6-931c3e39fdf2

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларғатәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ғылымның бағыттарындаинтелектуалды қабілеттері дамыған белсенді шығармашылық іс-әрекеттерге дайын, ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындап, ижоғары денгейдегі мәдениетті және адамгершілікті, жан сұлулығы мен сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінген қыз баланың тұлғасын қалыптастыру мақсатында пікір-сайыс өткізілді.







«Жас-Ұлан» БЖО ұйымдастыруымен №3 және №4 мектеп дебат клубтары арасында жолдастық кездесу болып өтті. Қарар: БП ақылы денсаулық сақтау ұйымдарына қарсы. Дебатшылар қарар тақырыбын аша алды, өткір сын, ой ұшқырығымен тәнті етті. Жолдастық кездесу жоғары денгейде өтті. Екі мектептің де, мықты спикерлері үздік ойын үлгісін көрсетіп, тәжербие жинақтауға да септігін тигізе алды. blob:https://web.whatsapp.com/7bed6685-6bd7-4fc6-9ea3-4fc4f35de113

«Жас-Ұлан» БЖО ұйымдастыруымен Қала және ауыл мектептерінің арасында «Қала дарабоздары» атты турнирі өтті. Оған қаламыздың Арқалық педогогикалық инистутының студенттері мен мектеп оқушылары жұптасып, ойын алаңын қызу талқылады. Пікір сайыс өте жоғары деңгейде өткізді, ұтымды сөздер мен ұшқыр ойлар айтылып,қызу тартыс болды. Үздік жетекші деген номинацияға ие болып, дипломмен марапатталдым. Ойын барысында , біз көптеген тәжербиелер жинақтап қайттық, алдағы уақытта осындай іс-шаралар көбірек орын алса екен.
blob:https://web.whatsapp.com/ed26b712-4ee1-46df-91b7-cd2da1fec54b





Арқалық қаласы, Бейімбет Майлин атындағы N3 жалпы білім беретін мектебінің "Болашақ" дебат клубының жоспарына сәйкес "Кітап және Ғаламтор"тақырыбында Родина жалпы білім беретін мектебінің дебат мүшелерімен жолдастық кездесу жасап, пікірталас ойыны өткізілді. Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ыбыраева басталмас бұрын жолдастық кездесуді ұйымдастырғаны үшін құттықтап, екі топқа сәттілік тіледі. Пікірталас Қарары: "БП кітаптан қарағанда ғаламтордың пайдасы көп деп есептейді". Пікірсайыс жоғары деңгейде өтті. Спикерлер өз фракцияларын қорғап шықты. Төреші мектебіміздің дебат президенті Құлажанова Ақния болды. Пікірсайыс нәтижесі барлық көрермендер мен ұстаздардың көңілінен шықты.

blob:https://web.whatsapp.com/8f21224f-3c9d-452d-8f82-2389a6fda8b0.

Ойын қарары: БП Қазақстан жастарына сапалы білім алуына жағдай жасау механизмін ұсынады. Ойын барысында дебатшылар қайшылықты көзқарас тудырып, ойын көрігін қыздырды. Тұшымды ұсыныс ретінде, сөз жарыс шеберлерінің, төмендегідей пікірлерін атап өткім келеді. Мәселен: Қай жерде болсын сапалы білім алу адамның өзіне байланысты. Өзінің өмірлік мамандығына немқұрайлы қарамаған адам сапалы білім алып шығады; Білікті маман даярлау үшін мектеп жасынан қалаған мамандық бағытына қарай тереңдетіп оқыту керек; 9-11 сынып оқушыларының сабақ кестесінен қажетсіз пәндерді алып тастау керек; студенттерді жатақханамен, ыстық тамақпен, тегін жол жүрумен қамтамасыз ету керек; студенттерді қажетсіз қағаз жұмыстарымен басын қатырмау керек. т.с.с. Ойын жоғары деңгейде әрі тартысты өтті.







"Болашақ" дебат клубының мүшелерімен отбасында, орын алатын зорлық-зомбылықтын алдын алу, болдырмау отбасы дағдарыстары және олардың туындау түрлері мен дағдарыстар барысындағы баланың жас және психологиялық даму ерекшеліктерін айқындау мақсатында, "Отбасы дағдарысы" атты дөңгелек үстел өтті. https://www.instagram.com/p/CmGK_JmK0x1/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында пікір сайыс өтті.




blob:https://web.whatsapp.com/b24d992b-27f3-4c4e-9eeb-d9ec5efb6611.

Алдағы уақытта үйірме жұмысы жалғасын таппақ.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жыл-дан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көші-ру-дің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастан қолға алу қажеттігін атап өтті. Соған орай, бұл латын әліппесін, көшу дұрыс па? Дұрыс емес па? Ұтымды ойлар мен ұшқыр пікірлер қалыптасып, қызу талқыда дебат өткізілді. Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жыл-дан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көші-ру-дің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастан қолға алу қажеттігін атап өтті. Соған орай, бұл латын әліппесін, көшу дұрыс па? Дұрыс емес па? Ұтымды ойлар мен ұшқыр пікірлер қалыптасып, қызу талқыда дебат өткізілді.
https://www.instagram.com/p/CmqVsWIqWwC/?igshid=MDJmNzVkMjY=




Балалар мен ата-аналар және ересектерді қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты еңбек ауыр түрлерінің зияны мен салдары туралы түсінік беру,талқылау, оқушылардың жаңа тақырыптық талқылауға,өз бетімен жұмыс істеуге үйрету және проблемалық сұрақтар арқылы олардың ой-өрісін ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру мақсатында, дебат ойыны, ұйымдастырылып оқушылар ұтымды ойлар мен ұшқыр пікірлер қалыптасып қызу талқыда дебат өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CnLeozAqVfh/?igshid=MDJmNzVkMjY=




Туризм бұл қоғамдық өмірдің күрделі көп жақты және көп аспектілі көрінісі. Қазіргі батыстың экономикалық ғылымы туризмді күрделі әлеуметтік-экономикалық көрінісі деп қарастырады. Мұнда ол туризм индустриясы деп аталатын көп салалы өндіргіш кешен құрушы компоненттердің бірі ғана болып табылады. Экономикалық мәселелер туризм іс-әрекетінің қоғамдық және экономикалық аспектілері контексінде сарапталынады. Туризм кешенді құбылыс ретінде пән аралық зерттеу обьексі мақсаты аясында "Туризмінің пайдасынан зияны көп?" тақырыбында, дебат пікір сайыс өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CnRPt7EKYTb/?igshid=MDJmNzVkMjY=




Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Арқалық қаласы білім бөлімінің "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы" КМҚК ұйымдастыруымен 17.01.2023 ж. «Оқушылардың Ұлттық пікірсайыс турнирінің» қалалық кезеңін өтті. Білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық пен сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында өткен турнир АПФ форматында (Американдық парламенттік форматда) болды. Оқушылар берілген қарарлар бойынша өзекті ой қозғап, өз көзқарастарын ашық білдіру арқылы тартысты, қызу талқыға толы ойын көрсете білді.

Қалалық турнирдің нәтижесі бойынша төмендегі командалар жеңімпаз атанды:

1. I-орын – Ы. Алтынсарина атындағы гимназия «Алаш» фракциясы,

1-спикер – Мырзаболатова Айжан,

2-спикер – Иманғазы Мөлдір.

2. II-орын - Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім бететін мектебі «Жалын» фракциясы,

1-спикер – Махаева Камила

2-спикер – Абдисалам Айша

1. III-орын – Восточный жалпы білім беретін мектебі «Восточный» фракциясы

1-спикер - Әбеусағит Аруна

2-спикер - Боранбаева Маржан

Ерекше үздік номинациялар бойынша:

«Үздік спикер» - Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның оқушысы – Мырзаболатова Айжан,

«Талапты спикер» - Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның оқушысы – Алмасқызы Жанель,

«Ойшыл спикер» - М. Әуезов атындағы №5 жалпы білім бететін мектебінің оқушысы – Сарбас Дариға,

«Ұшқыр спикер» - №10 жалпы білім бететін мектебінің оқушысы – Болатова Гүлсая,

«Алғыр спикер» - Ш. Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім бететін мектебінің оқушысы – Спанова Ақсезім.

Осы талантты оқушыларды талаптандырып, жігерлендіріп, жетелеп жүрген жетекшілердің де еңбектері бағаланып,

«Үздік жетекші» номинациясын жеңіп алғын – Ш. Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім бететін мектебінің мұғалімі –
Ғабдолла Гүлсүм Төлеубайқызы,

«Талапты ұстаз» номинациясын жеңіп алған – Б. Майлин атындағы №3 жалпы білім бететін мектебінің мұғалімі – Жанбыршина Асел Еликовна.

«Үздік ұйымдастырушы» номинациясын жеңіп алған – Ы. Алтынсарина атындағы гимназияның мұғалімі –
Алимбаева Ақерке Бақытбекқызы.

https://www.instagram.com/p/CnhMUepKosS/?igshid=MDJmNzVkMjY=



Қазіргі уақытта күнделікті өмірдің жартысын, кейде одан да көп бөлігін әлеуметтік желілер алып кетті. Әр жыл сайын әлеуметтік желілер саны көбейіп келе жатыр: Instagram, Вконтакте, Facebook, YouTube, Однокласники және т.б. Осылар ішінен, әсіресе, Instagram желісіне енді әріп үйренген баладан еңкейген қарттарымызға дейін кіреді екен. Ал желімен бірге таңын атырып, күнін батыратындар оқушылар мен студенттер екен.

Әлеуметтік желіге көп адамдар танымал тұлғаларды, соңғы жаңалықтарды, қызықты, кейде масқара видеолар мен суреттерді көру үшін кіреді. Бұл неге алып келеді? Осыған орай "Әлеуметтік желілердің дамуын реттеу керек пе?" Деген АПФ (Американдық форматта ) дебат пікірталас өтті. Бірі қолдаған болса әлеуметтік желінің реттеуін, бірі қарсы пікірлер қалыптастырып, қызықты тартысты, пікір сайыс өтті.

БП Әлеуметтік желілердің дамуын реттеу керек.



https://www.instagram.com/p/CnipF3xKWg0/?igshid=MDJmNzVkMjY=
Шет ел азаматтарына еліміздің балаларын асырап алуына тиым салу керек? Атты пікір-сайыс өтті. Үкімет тобы, Жетімін жылатпаған қазақтың соңғы жылдары қараусыз қалған балаларының қатары көбейгенін бүгіп қалу мүмкін болмай тұр. Тіпті, жатырын жарып шыққан баласынан безінетін безбүйректерге таң қала қоймаймыз. Жарық дүние есігін аша салып, балалар үйінің табалдырығын аттайтын қаракөздердің жәутеңдеген жанарын көрудің өзі ауыр, әрине асырап алсын деп өз пікірлерін айтса, оппазиция тобы қолдамады, себебі, шет ел азаматтарына заң қолдану керек, балалар өз туған жерінде тәрбиелену керектігін айтып қызу талқыда пікір сайыс өткізілді.
https://www.instagram.com/p/Cn02-5hqT0d/?igshid=MDJmNzVkMjY=



Бүгін 01.02.2023 "Болашақ" дебат клубында пікір сайыс ойыны өтті. Қарар: "барлық оқушылардан тігіншілікті талап ету керек деп есептейді"
Үкімет пен Оппозиция топтары бір-біріне қарсылықтар білдіріп, ойынды қызықты да тартысты өткізді.
https://www.instagram.com/p/CoG4m9yqiCT/?igshid=MDJmNzVkMjY=
Яғни бүгін 08.02.2023жылы БП Зейнетақы жасын өсіру керек пе? қарарды алып, үкімет оппазиция болып талқыладық. Үкімет өсіру керек себебі адамдар еңбекке жарамды, ерте үйінде отыру дұрыс емес деп есептесе, оппазиция тобы картайған шағында үйде отырып, зейнет жасының қызығын көру керек деп есептейді. Осындай түрлі пікірлер қалыптастырып, қызу талқыланған пікір сайыс өтті.



https://www.instagram.com/p/CoYvpSWqfsz/?igshid=MDJmNzVkMjY=
"Болашаққа жарқын жол атты" атты Ы.Алтынсарин атындағы гимназияда қалалық дебат турнир өтті. Оған мектебіміздің жас маманы Бақыт Амангелдіқызымен мектебіміздің мақтанышы бетке ұстар үлгілі оқушымыздың бірі Қадырқызы Шұғыла қатысып жүлделі III орынға ие болды.



https://www.instagram.com/p/CofQKXEKgYR/?igshid=MDJmNzVkMjY=
Қазіргі еліміздің тіл саясаты үш тілдің қатар қолданысын көздейді, үш тілді әрбір азаматтың меңгеруіне басымдық береді. Мұндай тіл саясатының өзіндік ұтымды да,

ұтымсыз да жақтары туралы мамандар да, сарапшылар да, бұқара көпшілік те жиі әңгіме етіп, түс-түстан пікір білдіріп қалып жататыны жасырын емес. Расында, мемлекеттік тіл болып есептелінетін қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейте алмай, аударма тілінің деңгейінен аса алмай жатқанда, орыс тілінің белсенді ықпалы аз болғандай, ағылшын тілі оған үстемелене түседі деген пікірлердің де жағы бар. Керісінше, ағылшын тілі қайта орыс тілінен алшақтауға, қазіргі жаһанданудың үдерісіне ілесуге, ғылым мен техникадағы жетістіктерді тікелей ағылшын тілі арқылы меңгеріп, әлем халықтарымен тікелей қарым-қатынас жасауға, таным аямызды кеңейтуге, ақпараттық көздерімізді ұлғайта түсуге мүмкіндік бермек деген сияқты екінші бағыттағы позитив пікірлер тағы бар, осындай мақсатта БП мектеп оқушылары "Үш тұғырлы тіл саясаты тиімді деп есептейді" атты тақырыбында, "Ізденген жетер мұратқа" жас мамандар апталығында жас мамандар мен оқушылар арасында дебат пікір-сайысы өтті.
https://www.instagram.com/p/CoqrbIyKc4Z/?igshid=MDJmNzVkMjY=






ҚР мемлекеттік медициналық мекемелерінің қызмет көрсетуі төмен, деген қарарда "болашақ" дебат клубы дебат пікір-сайыс өткізілді. Оқушылар екі тарапта ойнап, үкімет тобы медицина жағы төмен десе, оппазиция тобы керсінше күннен күнге өсіп келуін айтып, шетелде білім алып келіп жастарымыз, медицина саласын көтеріп жатканын айттылды.
https://www.instagram.com/p/Co9ws6uKFWQ/?igshid=MDJmNzVkMjY=




Бізге берілген қарар БП дәстүрлі медицинаға қарағанда халықтық медицина тиімді.
Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс қарқынды дамуда. Соның арқасында жалпы ауру-сырқаулардың пайда болу себептеріне қатысты ұғымдар өзгеріп жатыр. Сондықтан, дербестендірілген медицина, дербестендірілген онкология бірінші орынға шығуда. Мұндай медицина болашақта адам баласының өмір жасын ұзартып, өлім-жітімді азайтуға мүмкіндік береді деп есептесе оппозиция тобы,Үкімет тобы, кәдімгі заманда емдік, емшаралық, ине салу, хиджама, әсерімен емделген, тәуіптік жолдармен емделген қазақы емді дұрыс деп санайды.
https://www.instagram.com/p/CpKTgZDqhso/?igshid=MDJmNzVkMjY=



Бізге берген қарар:БП жастарға 16жастан заңды некеге тұруға рұқсат етіледі.Тақырыпты жоғары деңгейде қамтып, өзекті мәселер айтып, қарсы пікірлер қалыптасып, жақсы ойын өтті.
https://www.instagram.com/p/CpyyGeTKQ1B/?igshid=MDJmNzVkMjY=



Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл» деп Абай атамыз айтқандай, әр сөздің өз қисыны мен қиюының тұрақты орны бар. Көктемгі каникулды жақсы нәтижеде өткізу мақсатында «Ақыл - жастан» атты мектеп оқушыларымыз, жас өрендеріміз елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік маңызды мәселелерді жоғары деңгейде саралай біліп, зияткерлік қабілеттерімен көпшілікті тәнті етті.
https://www.instagram.com/p/CqKaJCXK3dt/?igshid=MDJmNzVkMjY=
"Қан донорлығын міндетті етеді" қарарында дебат ойыны өткізілді. Тақырып жақсы ашылып, оқушылар қарсы пікірлерін айтып, қызықты тартысты ойын көрсетті.




https://www.instagram.com/p/CqXFkR2K0DG/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==
Ит жеті қазынаның бірі. Итті атам қазақ ежелден құрметтеген.Қазақта итке деген ерекше көзқарас бар. Біздің иттер үлкендердің айтуынша үйдің табалдырығын аттамайтын ақылды иттер. Олар адамға қызмет етеді. Тек үйін ғана емес, мал толы қорасын да күзетіп, қасқырлардан қорғаған. Қазірге дейін олар өздерінің осы бір ниетінен таймай келеді деп оппазиция тобы пікір айтып қалыптастырса.ал үкімет тобы ит адамның досы емес, себебі көптеген аурулардың иттен болатынын айтып, балаларға, адамдарға, қауіп барын айтып ұтымды пікірлер айтып қызу талқылады.
https://www.instagram.com/p/Cqo4fWaqWwA/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==



Қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар бірін-бірі күндемейді, араларында бақталастық, қызғаныш болмайды, өзара әзілдесіп қалжыңдасады, осы мақсатқа орай "Адамның ең жақыны нағашы" тақырыбында пікірсайыс өтті. Оқушылар өздерінің көкейдегі, нағашы мен жиен деген бөлісе алмай жүрген түйіндерін талқылап, қызу тартысты, пікірсайыты жандандырды.
https://www.instagram.com/p/Cq7pWZyKXqI/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Қала мектептері мен ауыл мектептерінің арасында Ш. Уәлихановатындағы #1жалпы білім беретін мектебінің ұйымдастыруымен "Осы заманғы жастар түсінігіндегі құндылықтар" атты қалалық пікірсайыс турнирі өтті.
Ы.Алтынсарин гимназиясы 1-орын,
Аңғар мектебі 2-орын, Б.Майлин мектебі 3-орын иеленді.
“Үздік төреші” номинациясымен Ақерке Бақытбекқызы, “Үздік жетекші” номинациясымен Дуйсембаева Гулимжан Арстановна марапатталды.
Турнирді ұйымдастырушы: Ғабдолла Гүлсім Төлеубайқызы








https://www.instagram.com/p/CrZv0CdIUqk/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==
"Екі жұмыс жасайтын қызметкерлерді, 1жұмысынан айыру" туралы пікір сайыс өтті, оқушылар берілген қарарды талқылап, мақсатына жетті.
https://www.instagram.com/p/Crf2J2goiLY/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==